

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
 Альмухамбетова Бибигуль Жексембаевнаның «Ерекше білім беруді қажет
 ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу (ЖОО мен
 колледждердің нашар еститін білім алушылары мысалында)»
 тақырыбында дайындаған диссертациясы бойынша
 тағайындалған ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарлама ларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі	Диссертациялық жұмыс ғылымның даму бағыттарындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес. Бүгінгі Қазақстанда ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға қатысты тиімді әлеуметтік саясат – мемлекеттің даму деңгейінің, азаматтық қоғамның өркениеттілігі мен ізгілік дәрежесінің маңызды көрсеткіштерінің бірі. Соңғы он жылдықтарда қазақстандық қоғамның дамуы ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар мәселелеріне жіті назар аударумен ерекшеленді. Бұған дәлел – мемлекеттің жоғары кәсіби білім алу құқығына кепілдік беретін бірқатар заңдарды қабылдауы. Кәсіби білім алу, ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға білім жолында өмірлік мақсатын айқындауда таңдау еркіндігін, сондай-ақ рухани және материалдық жағынан тәуелсіз болуға мүмкіндік береді, жеке тұлғаның өмірін, тыныс-тіршілігін үйлестіреді. Бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар жастар үшін аса маңызды. Нәтижесі білім сапасы арқылы көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу жұмысы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігін дәлелдейді.

		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	1.3 Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес: Диссертациялық жұмыста философия, психология, педагогика ғылымдары саласында инклюзия, ЕББҚ бар баланың қоғамда дамуы жөніндегі еңбектерге, Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруге байланысты қабылданған Заңдар мен тұжырымдамалар мазмұны қарастырылған. Солардың бірі 2006 жылғы 13 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы. Конвенция 2008 жылғы 3 мамырда күшіне енді, оның 24-бабы мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың білім алу құқықтарына арналған және оларды қамтамасыз етудің негізгі қағидаттарын бекітеді, олардың ішіндегі ең маңыздылары барлық деңгейлерде инклюзивті білім алуға және қоғам өміріне толыққанды араласу мүмкіндігін алу мақсатында өмір бойы оқытуға мүмкіндіктер теңдігі болып табылады. Қазіргі Қазақстанда білім алу құқығын іске асыру үшін мемлекеттің мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың кәсіптік білім алу құқығын іс жүзінде іске асыру үшін берілетін тиісті мүмкіндіктер мен тиісті қолдауды қамтамасыз етуі неғұрлым маңызды болып табылады, бұл да елдің ұлттық заңнамаларында бекітілген.
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін	Диссертациялық жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес

		<u>қосады/қоспайды</u>, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u>.	қосады, оның маңыздылығы да жақсы ашылған. Себебі, диссертанттың «Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу (ЖОО мен колледждердің білім алушылары мысалында)» тақырыбындағы диссертациясы білім алушылардың кәсіби-жеке тұлғалық қалыптасуының барлық даму үдерісін айқындайтын ЖОО мен колледждің ЕБҚ бар білім алушыларының эмоциялық дамуының өзекті мәселесіне арналған. Диссертациямен жұмыс барысында психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді, қажетті құжаттаманы байыпты талдау және жалпылау нәтижесінде автор «ЖОО мен колледждің нашар еститін білім алушыларының эмоциялық жағдайының оңтайлы деңгейі» санатының мәнін және оны қамтамасыз ету шарттарын нақтылады; Еуропа, РФ және ҚР елдеріндегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың эмоциялық жағдайының мәселелерін талдады; ЖОО мен колледждегі нашар еститін білім алушылардың эмоциялық жағдайын дамытудың негізгі бағыттарын анықтады; ЖОО мен колледждегі нашар еститін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеудің әзірленген құрылымдық-мазмұндық моделі қатаң логикамен және оның құраушы компоненттерінің негізділігімен ерекшеленеді.
3	Өзі жазу	Өзі жазу деңгейі:	Диссертациялық жұмысты

	принципі	1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	дайындауда диссертанттың өзі жазу жоғары екендігі қарастырылып отырған мәселенің психологиялық және педагогикалық компоненттеріне баса назар аударып, есту қабілеті бұзылған білім алушылардың жан-жақты дамуының тиімді жақтарын, олардың эмоциялық жағдайының даму деңгейіне байланысты қоғамға толық ену мәселесінің өзектілігін талдауынан байқалады. Сонымен қатар, автордың өнімді болжамдарды ұсыну ерекшелігімен, тиісті зерттеу әдіснамасын таңдаумен және ұсынылған идеяларды тың тәсілмен тұжырымдай білуімен өзі жазу деңгейі ерекшеленеді.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлік принципіне келсек, оның өзектілігі талапқа сай дайындалып, Б.Ж. Альмухамбетованың қол жеткізген барлық нәтижелері зерттеу шеңберінде өзара қисынды байланысқан. Жұмыстың ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары зерттеу нысаны мен пәні, зерттеудің мақсаты мен міндеттері <i>ішкі бірлікке негізделіп</i> , орындалған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны аталмыш зерттеу тақырыбын <i>толық айқындайды</i> . Жұмыста зерттеу үдерісінің барлық негізгі компоненттері келтірілген. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация <i>тақырыбына сәйкес</i> келеді. Диссертацияның мақсаты ішкі бірлігі, бұл зерттеудің ғылыми аппаратының жүйелілігімен,

	1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	тақырыптың айқындылығымен байланысты.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы <i>логикалық жағынан бір-бірімен толық байланысқан</i>. Бірінші бөлімде таңдалған мәселе бойынша ғылыми, философиялық, психологиялық-педагогикалық әдебиеттер зерделеніп, ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу үшін жоғары оқу орны мен орта кәсіптік мектептердің тарихи және практикалық, отандық және шетелдік тәжірибесін талдау және жалпылау жүргізілген. Жұмыстың екінші кезеңі бағдарламаларды құрастыру және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізуді қамтыған. Ал, үшінші кезең ЖОО мен колледжде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу тәжірибесін жетілдірудің негізгі жолдарын айқындауға арналады. Зерттеу ғылыми жұмыстың біртұтас жүйесін білдіреді. Өзара байланысты және өзара тәуелді көрсеткіштерді пайдалану, өз нәтижелерін егжей-тегжейлі талдау жұмысты толық етеді.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Зерттеу мәселесінің бұрын белгілі шешімдерін <i>сыни талдау</i> негізінде автор психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді, қажетті құжаттаманы байыпты сараптау және жалпылау нәтижесінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеуді

		1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.	қамтамасыз ету шарттарын нақтылауда өзі логикалық тұрғыдан бағалаған жаңа шешімдерді ұсынады. Диссертант ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеудің теориялық негіздерін зерделеп, ғалымдардың ой-пікірлеріне өзіндік интерпретация бере білген.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңашылдық принципіне негізделіп дайындалған, өйткені ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Атап айтсақ, зерттеудің құрылымдық-мазмұндық моделі және ЖОО мен колледжде нашар еститін білім алушылардың эмоциялық жағдайын дамытудың негізгі бағыттары әзірленді. Жоғары оқу орындары мен колледждерде нашар еститін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу әдістемелері анықталып, зерттеу жұмыстары жүргізілді. ЖОО мен колледждің нашар еститін білім алушыларының эмоциялық жағдайының оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету бойынша бағдарлама әзірленді.

		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болыптабыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болыптабылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болыптабылады).	Диссертацияның тұжырымдары толығымен жаңа. Зерттеудің әзірленген теориялық ережелері, тұжырымдары мен ұсыныстары ЖОО мен колледждердің білім беру бағдарламаларының оқытушылары қолдана алады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болыптабылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болыптабылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және толығымен негізделген, бұл педагогикалық-психологиялық эксперименттік жұмыстар нәтижесінен, элективті пән, бағдарлама негізінде өткізілген тренингтер нәтижесі негізінде расталады.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды дәлелдемелерде негізделіп, диссертант негізгі нәтижелерін 19 мақалада жариялаған. Соның ішінде, Scopus базасына кіретін 2 журналда; ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 7 журналында; Халықаралық конференциялар материалдарының 3 жинағында; Отандық халықаралық конференциялар материалдарының 3 жинағында; Өңірлік ғылыми-әдістемелік

			конференциялар материалының 1 жинағында; Республикалық ғылыми журналдарда жинағында 1 мақала, 1 оқу-әдістемелік құралы; 1 авторлық куәлік пен электронды оқу құралы жарияланған.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) <u>шамамен</u> дәлелденді; 3) <u>шамамен</u> дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u> 7.3 Жаңама? 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u> 7.4 Қолдану деңгейі: 1) <u>тар</u>; 2) <u>орташа</u>; 3) <u>кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u>	7.1. Қорғауға ұсынылған барлық негізгі қағидаттар <i>дәлелденген</i>. 7.2. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар <i>тривиалды емес</i>. 7.3 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа. 7.4. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар қолдану деңгейі кең. 7.5. Автордың жеке қатысуы диссертацияда баяндалған және халықаралық конференцияларда, ғылыми-әдістемелік жинақтар мен журналдарда ғылыми мақалалары жарияланған.
8	Дәйектілік принципі дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u>	Әдістеменің тандауы негізделген және әдіснама нақты жазылған. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі сақталған. Әдістемені тандау негізделген, әдістеме жеткілікті егжей-тегжейлі сипатталған. Диссертациялық жұмыста келтірілген нәтижелердің дұрыстығы мен сенімділігі зерттеудің теориялық және

		әдістемелік базасымен, оның ішінде зерттеу тақырыбы бойынша іргелі әзірлемелермен, зерттеу бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігімен және зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің, сондай-ақ эксперименттік мәліметтерді статистикалық өңдеу әдістерінің оңтайлы үйлесімін тапқан.
	8.2Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Диссертацияның нәтижелері заманауи зерттеу әдістері мен мәліметтерді өңдеу әдістерін қолдану арқылы алынған. Математикалық зерттеу әдістері қолданылып, нәтижелері өңделіп, компьютерлік технологияны қолданып, диаграмма түрінде ұсынылған.
	8.3Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған. Алынған нәтижелер теориялық және тәжірибелік тұрғыда дәлелденген.

		дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған/расталмаған	Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> / жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер көзі жеткілікті. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 138 Отандық, алыс жақын шетел ғалымдарының тақырып бойынша шолу берілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	<i>Зерттеудің теориялық маңыздылығы</i> теориялық зерттеулерді жүйелендірудің негізгі үш факторына байланысты: ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар, тұлғалық қасиеттер, эмоциялық жағдай эксперименттік-эмпирикалық тұрғыдан талдаудан құрылды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	<i>Зерттеудің практикалық маңыздылығы</i> бар екенін атап өткен жөн, өйткені оның материалдарын ЖОО оқытушылары мен қызметкерлерін даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінде, жоғары оқу орындарында магистранттар мен докторанттар одан әрі зерттеулер жүргізген кезде қолдана алады; ЕБҚ бар білім алушылардың эмоцияларын дамыту бойынша әзірленген ұсыныстар осы үдерісті одан әрі жетілдіруге ықпал етеді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.

		жаңа(25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен	Академиялық жазу сапасы жоғары.

Диссертация мазмұны мен рәсімделуін сараптау барысында бәлендей өрескел кемшіліктер байқамадық. Алайда зерттеу барысымен таныса келіп мынадай сұрақтар туындап отыр:

- 1) Әр бір бөлімде жасалған тұжырымдарда кейбір қорытындыларды нақтылай түсу қажет.
- 2) Библиографияда берілген әдебиеттердің кейбір сілтемеделерінде нақты беттері көрсетілмеген.
- 3) Қазақстандық психологтардың жұмысы теориялық тарауда аз талданған.

Көрсетілген кемшіліктер ғылыми зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік мәнін төмендетпейді.

Дегенмен де, көрсетілген кемшіліктер мен ұсыныстар жұмыстың негізгі мазмұны мен тақырыптың өзектілігіне айтарлықтай нұсқан келтірмейді және академиялық адалдық принциптеріне сәйкес деп бағалаймын.

Альмухамбетова Бибігүл Жексембайқызының 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын зерттеу (ЖОО мен колледждердің нашар еститін білім алушылары мысалында)» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған талаптарына сәйкес орындалған. Қорыта айтқанда, Альмухамбетова Бибігүл Жексембайқызы 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуғалайықты деп есептеймін.

Философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры

